

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының адами әлеуметтік дамыту бөлімі
мемлекеттік мекемесі «Алтын сақа» бөбекжай – балабақшасы МКҚК



Бекітемін
Балабақша меңгерушісі
Р.Қаламбаева

«Тәуелсіздік – тұғырым»

«Балауса» кіші тобы

Тәрбиешілері: Бекенова.Ғ
Маханбетова.М

2021-2022ж

Тәуелсіздік -тұғырым

Тәрбиеші: Біздің туған еліміздің, туған жеріміздің егеменді ел болып, тәуелсіздік алғанына 25 жыл толыпты. Құрметті қонақтар, қымбатты балалар тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

Елі үшін көтеріп нар жүгін де,
Сенімі нық сезілетін үнінде.
Аты озған дүниедегі дүбірде
Нұрсұлтанмен кім мақтанбас бүгінде?!

Олай болса ортамызға өз өнерлерін көрсеткелі отырған «Айгөлек» тобының бүлдіршіндерін қошеметпен ортаға шақырайық. (Ән – әуеннің ырғағымен балалар қолдарына жалаушалар алып топқа кіреді)

Олай болса балалар Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған салтанатты мерекемізді еліміздің әнұранымен бастаймыз.

Әнұран
сөз кезегін «Алтын сақа» балабақшасының әдіскері Қаламбаева Рита Сәрсенбекқызына береміз

Ендеше отан туралы такпақтарымызды айтып берейікші.

Анель : Отан сенің ата анаң
Отан досың бауырың
Отан өлкең астанаң
Отан туған ауылы

Алинур: Кең жазық Отан мекенім
Сенде өсіп көктедім
Сені парызым
Мұны біліп өтемін

Дарын : Бақытты боп жургенім
Сенің арқаң ұлы отан
Елім менің тірегім
Құшағында гул атам

Сезім : Жақсы екен туған жердің күні де
Жақсы екен туған жердің түні де
Жақсы екен туған жердің суы да
Еш жаманын таба альайсын осында

би «Әдемай»

Балалар бүгін бізге қонаққа Жомарт атай келіпті.
Сәлеметсізбе ата?

Сәлеметсіңдер ме балалар. Бүгін осы балабақшада мереке болып жатқанын есітіп арнайы келдім, балалардың еліміз туралы білімдерін тексеріп көрейінші.

Балалар біздің мемлекетіміз қалай аталады?

(Қазақстан)

ҚР президенті кім?

(Н.Ә. Назарбаев)

Қазақстан қандай мемлекет?

(Тәуелсіз мемлекет)

Қазақстанның астанасы қай қала?

(Астана қаласы)

Біз қай ауылда тұрамыз?

(Алтынтөбе ауылында)

Біздің топ қалай аталады?

(Айгөлек тобы)

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін атайықшы

(Әнұран, Елтаңба, Ту)

Жомарт атай: Жарайсыңдар балалар сендер өте білгір әрі еліміздің рәміздерін жаксы біледі екенсіңдер. әрқашан осы елдің патриотты азамты болып осулеріңді тілеймін.

Мақал - мәтел:

Сауран: Отан от басынан басталады.

Марғұлан: Отанын сатқан оңбас.

Алихан: Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.

Нұрқанат: Отансыздың оты жанбайды.

Іңкәр : Сарқылмайтын қуатым
Тірегімсің сен отан
Мәңгі соғып тұратын
Жүрегімсің сен отан

Асылжан: Туған елім гүл елім
Қасиетінді білемін
Өзіңе деп әрқашан
Лүпілдеген жүрегім

Саян: Отан!
Отан!
Бәрінен биік екен
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем

Би «Саржайлау».

Аяна: Тәуелсіз азат елім
Туып оскен байтақ жерім
Мәңгі жайнап тұра бер
Қазақстаным менің

Ұлдана: Отаным менің Қазақстан

Атыңнан сенің айналам
Саянда жүрсем әрдайым
Күлімдеп жүрем бақ табам

Ақнұр: Отан жерім Отан суым
Отан қуат нәр береді
Отан ұран Отан туым
Отан мәңгі гүлденеді

Расул: Туған жерде толамыз
Ертең жігіт боламыз
Отан ортақ үйіміз
Көңілді ән мен күйіміз

Дидактикалық ойын: «Өз туынды тауып ал»

Жомарт атай: рахмет балалар өнерлерінді көріп бір көңілім көтеріліп қалды.
ендеше мен қайтайын.

мереке баршаңызға құтты болсын.сау болыңдар.

Ән «Қазақтың елі»

Құрметті ата – аналар, қонақтар! Бүгінгі Тәуелсіздік мерекесіне орай өткізіп отырған «Тәуелсіз елдің бақытты ұрпағымыз» атты ертеңгілігімізге келіп, көріп тамашалағандарыңызға көп,көп рахмет! Әрқашан күн сөнбесін, аспанымыз ашық болып, заманымыз тыныш болсын, бейбіт күніміз жарқын болсын, тек Қазақстан ғана емес, бүкіл әлем балаларының езуінен күлкі кетпей, әлем балаларының ұйқысы тыныш болсын. Тәуелсіз еліміздің көк байрағы желбірей берсін! Рахмет Сау болыңыздар.